

Күн тәртібінде:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» № 26 бұйрығының 3 бөлімі 25 тармағына сәйкес мектеп басшысының мектеп формасын сақтау мәселесін Қамқоршылық кеңес мүшелерімен талқылау
Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры А.Г. Истегулова сөз алды:

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 47 бабының 15-1 тармағында «Орта білім беру ұйымдарында білім алушылар білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті» деп көрсетілген. Ал 49-бабының 2-тармағының, 6, 7) тармақшаларына 2024 жылғы 23 ақпанда өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен міндеттері белгіленіп көрсетілген:

☐ 6 тармақша: білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға;

☐ 7 тармақша: білім беру ұйымында белгіленген киім формасын сақтауға міндетті делінген.

Сонымен қатар, «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығы басшылыққа алынууда.

(Ұлдардың мектеп формасы: пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

Қыздардың мектеп формасы: пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды).

Жыл сайын оқу жылының аяғында және алдағы жаңа оқу жылының басында міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар орта білім беру ұйымдарының фойесінде, ал таныстыру мақсатында орта білім беру ұйымдарының Интернет-ресурстарында жарияланады.

«Бірыңғай мектеп формасының талаптары Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319 заңының нормаларынан туындап отыр. Осы заңға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығымен Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар бекітілді. Осылайша мектеп формасы еліміздің орта білім беру ұйымдарында киюге міндеттелген оқушылардың бірыңғай киім үлгісі болып табылады.

Екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Г.Уразалина сөз сөйледі: Бүгінде Қазақстанның әр аймағында орамал таққан оқушылардың ата-аналары жиі наразылық білдіретінін байқап жүрміз. Алайда, билік бұл тенденцияларға шектеу қойып жатыр. Себебі, мектеп формасын киіп жүруге қойылған міндет білім берудің зайырлы сипатын іске асыру қажеттілігінен туындап отыр. Мектеп формасының өскелең ұрпақтың жүріс-тұрысына, денсаулығына, жалпы дамуына тигізетін оң ықпалы зор болғандықтан, мектеп формасын киюге ғана емес, сол мектеп формасының өзіне де тиісті талаптар көзделген.

формасын киюге ғана емес, сол мектеп формасының өзіне де тиісті талаптар көзделген. Мұндай талап жас ұрпақтың мүддесі тұрғысынан әбден зерделеніп, елеп-екшеп барып қойылып отыр.

Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрайымы Сұлтанов М.

сөз алды:

Жалпы мамандар ата-аналардың діни себеппен мектеп формасын діни атрибуткаға ыңғайлап алуы ең алдымен оң мен солын танып үлгермеген балаға әлеуметтік әрі психологиялық соққы болып табылатынын ескертеді. «Мұндай жағдайдағы оқушы өзін алабөтен оқшау сезінеді, дискомфорт күй кешеді. Қоғамда жүріп қоғамнан тысқары қалады. Бұл жағдай баланың ата-анасы тарапынан балаға келтірілген ыңғайсыздық қана емес, білім заңнамасын орындамады деп саналады және баланың ата-анасын әкімшілік жауаптылыққа алып келеді. Жоғарыда аталған министрлік бұйрығымен бекітілген талаптардың 13-тармағында «Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайтыны» белгіленсе, 21-тармағында «Ата-аналар және өзге заңды өкілдер білім алушылардың орта білім беру ұйымында белгіленген мектеп формасын киюіне жауап береді» деп нақтылы көрсетілген. Ата-аналардың бұл талаптарды бұзуы Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 409-бабының 2-тармағында көзделгендей ескерту жасалады немесе бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Сондықтан, ұрпақтарымыздың тең негізде жетіліп, оқшау қалмай, «арамызда» тәрбиеленуі басты шарт!».

Қаулы:

Мектеп формасына қойылатын талаптар туралы №26 бұйрығының негізінде әр сыныптың ата-аналар жиналысында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, діни өкілдермен, білім бөлімінің басшыларымен және құқық қорғау қызметкерлерімен мектеп оқушыларының ата-аналары арасында мектеп формасына қойылатын талаптар, орамал тағу туралы кездесу ұйымдастырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы
Мектеп директоры
Қамқоршылық кеңес мүшесі
Қамқоршылық кеңес мүшесі
Қамқоршылық кеңес мүшесі
Қамқоршылық кеңес мүшесі
Қамқоршылық кеңес мүшесі
Қамқоршылық кеңес мүшесі
Қамқоршылық кеңес мүшесі
Қамқоршылық кеңес мүшесі
Қамқоршылық кеңес хатшысы

Султанов М
Истегулова А
Қолғанатов С.
Наушина Г.
Уразалина Г.
Есекенова С.
Ажигалиева К.
Ермекбай Қ.
Султанова А.
Сағынай М.
Дошанова Г.К.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» № 26 бұйрығының 3 бөлімі 25 тармағына сәйкес мектеп басшысының мектеп формасын сақтау мәселесін Қамқоршылық кеңес мүшелерімен талқылау

